

"Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 шілдедегі № 750 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 қыркүйектегі № 969 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 шілдедегі № 750 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жылдың қорытындысы бойынша 1 ақпаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне жоспардың іске асырылу барысы туралы а қ п а р а т б е р с і н . » ;

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі жылдың қорытындысы бойынша 20 ақпаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.»;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында: мынадай мазмұндағы 12,13 және 14-бөлімдермен толықтырылсын:

«

12. Көлік құралдарын отынның экологиялық таза түрлеріне көшіру, оның ішінде электромобильдерді енгізу және тиісті инфрақұрылым құру жөніндегі шаралар

120	Автокөлікті газға көшіру үшін бос ресурстарды айқындау мақсатында жылдар мен өңірлер бойынша тауарлық және сұйытылған газдың орта мерзімді болжамдық теңгерімін жасау	Энергетикаминіне баланс	ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, «ҚазТрансГаз» АҚ (келісім бойынша)	2014 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
			ҰЭМ, ПМ, ИДМ, облыстардың, Астана және Алматы		

121	Өңірлер мен жылдар бойынша Қазақстан Республикасының өңірлеріндегі газ құю станцияларына деген қажеттіліктерді айқындау	Энергетикаминіне ақпарат	қалаларының әкімдері, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (келісім бойынша)	2015 жылғы қыркүйек	талап етілмейді
122	Газмоторлық отынмен жүретін көлік құралдарын, оның ішінде қайта жабдықталған көлік құралдарын есепке алуды жүргізу	Энергетикаминіне ақпарат	ПМ	2014 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
123	Газды мотор отыны ретінде пайдаланатын көлік құралдарының өндірісіне қажетті құрауыштарға, сондай-ақ көлік құралдарына газ құю үшін пайдаланылатын жабдықтар мен тетіктерге кедендік әкелу баж салығының мөлшерлемесін төмендету бойынша ұсыныстар енгізу	Энергетикаминіне ақпарат	ҰЭМ, Қаржымині, ИДМ	2014 жылғы қараша	талап етілмейді
124	2015 жылдан кейін әкелінетін электромобильдерге Кеден одағы шеңберінде қолданылатын кедендік баждың нөлдік мөлшерлемесін ұзарту бойынша жұмыс жүргізу	Энергетикаминіне ақпарат	ҰЭМ, ИДМ	2015 жылғы ақпан	талап етілмейді
125	Веложолдар жүйесін және тиісті инфрақұрылымды, оның ішінде велосипедтерді автоматтандырылған жалға беру орындарын дамытуға талдау жүргізу	Энергетикаминіне ақпарат	ҰЭМ, ИДМ, ПМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2015 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
126	Қалаларда жаяу жүргіншілерге арналған тиісті инфрақұрылымды дамыту жоспарын әзірлеу	Энергетикаминіне ақпарат	ҰЭМ, ИДМ, ПМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2017 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
127	Қоғамдық көліктің сапасын арттыруға (жеке белдеулер, ақылды аялдамалар, электрондық төлем) және т.б бойынша ұсыныстар әзірлеу	Энергетикаминіне ұсыныстар	ИДМ (жинақтау), ҰЭМ, ПМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2015 жылғы желтоқсан	талап етілмейді

128	2014 жылғы 12 наурыздағы Газды мотор отыны ретінде пайдалану бойынша ынтымақтастық саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумды іске асыру	Энергетикаминіне ақпарат	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (келісім бойынша), «Гелиос» ЖШС (келісім бойынша)	2015 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
129	Жұмыс істеп тұрған жанармай құю станцияларында (ЖКС) газ құюға арналған моноблоктарды орналастыру мүмкіндігін қарастыру	Энергетикаминіне ақпарат	ПМ, ИДМ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (келісім бойынша)	2014 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
130	Қ а з а қ с т а н Республикасының авто құрастыру кешені кәсіпорындарында газ баллонды құрылғысы бар жеңіл автомобильдер өндіру мүмкіндіктері туралы мәселені қарастыру	Энергетикаминіне ақпарат	ИДМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2014 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
131	Көлік құралдарын отынның экологиялық түрлеріне көшірудің, оның ішінде электромобильдерді енгізу мен тиісті инфрақұрылым құрудың артықшылықтарын ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз ету	Мүдделі мемлекеттік органдардан БАҚ-та жариялау үшін материалдардың келіп түсуіне қарай БАҚ-тағы жарияланымдар	ИДМ (жинақтау) мүдделі мемлекеттік органдар	2015 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
132	Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына зерделеу және қажет болған жағдайда, электромобильдерді қуаттандыру инфрақұрылымын дамыту бөлігінде заңнамалық өзгерістер бойынша ұсыныстар енгізу	Энергетикаминіне ақпарат	ИДМ	2015 жылы желтоқсан	талап етілмейді

13. ЖЭС шығарындыларын тазартуды енгізу және өндіріс пен тұрмыстағы жаңа технологиялар негізінде электр энергиясын жаппай үнемдеу жөніндегі шаралар

133	Көмір ЖЭО үшін екінші буынды эмульгаторларды ауыстыру арқылы күлтүтқыш қондырғыларды енгізу	Энергетикаминіне ақпарат	облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, «Самұрық-Энерго» АҚ (келісім бойынша), электр станциялары (келісім бойынша)	2015 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
	Станциялардың техникалық мүмкіндіктеріне негізделе отырып, жаңа буынды электр сүзгіштерін орнату арқылы		облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, «		

134	күлтүтқыш қондырғыларын қолдану (Екібастұз МАЭС-1,2-те күлтүтқыш қондырғыларына жүргізілетін реконструкциялау үлгісі бойынша)	Энергетикаминіне ақпарат	Самұрық-Энерго» АҚ (келісім бойынша), электр станциялары, (келісім бойынша)	2015 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
135	Жаңадан салынып жатқан ЖЭС үшін тозаңды ұстауға арналған түтіктік сүзгіштерді қолдана отырып, түтінді газдарды тазарту бойынша инновациялық технологияларды, ұстау дәрежесін 99 %-ға дейін арттыру үшін күкірт тотықтарын төмендетудің озон-аммиакты әдісін пайдалану арқылы азот тотығының түзілуін 90 %-ға төмендететін селективті катализдік қалпына келтіру әдісін енгізу	Энергетикаминіне ақпарат	ҰЭМ	2015 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
136	Қазақстанның ЖЭС шығарындыларын төмендету жөніндегі іс-шараларды кезең-кезеңімен ұзақ мерзімді енгізу жоспарын әзірлеу	Жоспар	Энергетикамині (жинақтау), ҰЭМ, «Энергетикалық өнеркәсіптің Қазақ ғылыми-зерттеу және жобалау институты» АҚ (келісім бойынша), ҰЭМ	2015 жылғы желтоқсан	талап етілмейді

14. Жаңартылатын табиғи ресурстар саласында отандық ғылымды дамытуға мемлекеттік қолдау көрсету жөніндегі шаралар

Ғылыми кадрларды даярлау

137	Қазақстандық ғылыми ұйымдар мен ЖОО-ның халықаралық ғылыми жобалардың, оның ішінде жаңартылатын табиғи ресурстар саласындағы жобалардың конкурсына қатысуы	АШМ-ге ұсыныстар	БҒМ, ИДМ	Жыл сайын 2015 жылдан бастап	талап етілмейді
-----	--	------------------	----------	------------------------------	-----------------

Ғылыми зерттеулердің тақырыбы және оларды қаржылай қамтамасыз ету

138	Конкурс негізінде «Қазақстанның жаңартылатын табиғи ресурстары: бағалау, мониторинг, жобалау, басқару»	АШМ-ге ұсыныстар	БҒМ, ҰЭМ	2015 жылғы ақпан	
-----	--	------------------	----------	------------------	--

	кешенді ғылыми-техникалық бағдарламасын әзірлеу туралы ұсыныстар енгізу				талап етілмейді
139	Ғимараттарды салудың және күрделі жөндеудің, компьютерлік жабдықтарды және бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңғыртуды, талдамалық және эксперименталдық зертханалар мен стационарлар құруды қоса алғанда, ҒЗИ және ЖОО материалдық-техникалық жабдықтаудың инвестициялық ұсыныстарын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	БҒМ (жннақтау), ИДМ, АШМ	2015 жылғы ақпан	талап етілмейді
Заңнаманы жетілдіру					
140	Жердің құнарлығын сақтау және жоғарылату, жерді кадастрлық бағалау негізінде жер қатынастарын дамыту және жер ресурстарын басқару мәселелері жөнінде ұсыныс енгізу	АШМ-ге ұсыныстар	ҰЭМ	2015 жылғы наурыз	талап етілмейді
141	Ғылым саласында мынадай: гранттық және ғылыми-техникалық бағдарламаларды қаржыландыру құрамына магистрлер мен PhD докторларын даярлау шығыстарын қосу; бейіндік ғылыми-зерттеу институттары базасында оларды зерттеу тақырыбы бойынша магистрлер мен PhD докторларын даярлау; гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың ерекшеліктерін ескере отырып, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет саласында жұмыспен қамтылған қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру; ғылыми зерттеулерді іске асыру шеңберінде жас мамандардың қатысуын қамтамасыз ету; ғылым саласында Қазақстанда жұмыс істеу үшін тартылатын шетелдік мамандарды әлеуметт	АШМ-ге ақпарат	БҒМ, ҰЭМ, ДСӘДМ	2015 жылғы наурыз	

ік қолдауды реттеу; ғылыми зерттеулерді іске асыру ға 25% қатысу үлесімен ұлттық компаниялардың немесе нақты сектордың, не өтініш берушінің , не бизнес-әріптестің қаражатын тарту мәселелерін пысықтау		талап етілмейді
--	--	--------------------

» ;

Е с к е р т п е д е :

аббревиатуралардың толық жазылуы мынадай мазмұндағы жолдармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«Энергетикамині - Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі

ҰЭМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

ИДМ - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

ДСӘДМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму

м и н и с т р л і г і » .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Қазақстан Республикасының</i> Премьер-Министрі	<i>К. Мәсімов</i>
--	-------------------